# Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган ведомствосының және оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдарының, сондай-ақ жануарлар дүниесін қорғауды тікелей жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар жұмыскерлерінің айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) үлгілерін, оны киіп жүру қағидаларын және онымен қамтамасыз ету нормаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 25 сәуірдегі № 25-03/206 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылғы 28 мамырдағы № 7685 тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 19.02.2018 № 79 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 9-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган ведомствосының және оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдарының, сондай-ақ жануарлар дүниесін қорғауды тікелей жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар жұмыскерлерінің айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) үлгілері;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган ведомствосының және оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдарының, сондай-ақ жануарлар дүниесін қорғауды тікелей жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар жұмыскерлерінің айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) киіп жүру қағидалары;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган ведомствосының және оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдарын, сондай-ақ жануарлар дүниесін қорғауды тікелей жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар жұмыскерлерін айырым белгілері бар нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз ету нормалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 19.02.2018 № 79 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті (Нысанбаев Е.Н.) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр* *А. Мамытбеков*

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2012 жылғы 25 сәуірдегі
№ 25-03/206 бұйрығына
1-қосымша

**Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган ведомствосының және оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдарының, сондай-ақ жануарлар дүниесін қорғауды тікелей жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар жұмыскерлерінің айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) үлгілері**

Ескерту. 1-қосымшаның тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 19.02.2018 № 79 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**1-тарау. Жалпы ережелер**

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 16.06.2021 № 200 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган ведомствосының және оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдарының, сондай-ақ жануарлар дүниесін қорғауды тікелей жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар жұмыскерлерінің айырым белгілері бар нысанды киім ( погонсыз) үлгілері "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес әзірленді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 19.02.2018 № 79 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган ведомствосының және оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдары үшін күнделікті және далалық нысанды киім белгіленген, олардың әрқайсысы қысқы және жазғы болып бөлінеді, ал жануарлар дүниесін қорғауды тікелей жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың жұмыскерлері үшін күнделікті және далалық нысанды киім белгіленген, олардың әрқайсысы қысқы және жазғы болып бөлінеді.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 19.02.2018 № 79 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органның ведомствосы және оның аумақтық бөлімшелері деп Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті және оның аумақтық бөлімшелері және Балық шаруашылығы комитеті және оның облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциялары түсініледі.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 16.06.2021 № 200 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**1. Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті мен оның аумақтық органдарының лауазымды адамдарының ерлерге арналған салтанатты нысанды киімі**

Ескерту. 1-бөлім алып тасталды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 19.02.2018 № 79 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**2. Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті мен оның аумақтық органдарының лауазымды адамдарының ерлерге арналған күнделікті нысанды киімі**

Ескерту. 2-тараудың атауы жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.04.2015 № 18-03/395 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Күнделікті костюмнің, қысқы күртенің, маусымаралық плащтың үлгілері осы үлгілерге 2-қосымшада келтірілген.

21. Костюм күнделікті, көк-жасыл түсті пиджак пен шалбардан тұрады.

22. Пиджак – екі қаусырма өңірлі, жартылай қыналған пішінде жібек астары бар, көк-жасыл түсті жүн немесе жартылай жүн матадан тігіледі, жағасы мен жеңдері қайырмалы. Екі қатарда орналасқан алтын түсті төрт нысандық түймесі бар. Жеңдердің ені 8 сантиметр қаусырмасы, оның жоғарғы жағында жасыл түсті кант бар. Сол жеңде – Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетіне тиесіліктің жең белгісі. Пиджакқа петлицалар тігіледі. Пиджактың қалталары: сыртқы – бір төс (сол жағында) және қақпақшалары бар екі бүйір тік, ішкі – екі тік төс қалтасы бар.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.04.2015 № 18-03/395 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Ерлер шалбарының балағы тік, бүйір тігісі бойынша – жасыл түсті кант.

24. Ұзын жеңді көйлек, барлық лауазымды адамдар үшін – көгілдір-сұр түсті мақта-матадан тігіледі, тік пішінді, жоғарғы ілгегі жағада болатын 6 қарапайым түймелі ілгегі бар. Қайырма жағалы, төс қалталарының қақпақшалары болады. Жеңінің бір түймемен түймеленетін жапсырма манжеттері бар. Жағасында жиегінен 0,7 см, төменгі жағында жиегінен 2 см қашықтықта әрлеу тігісі сырылған.

25. Қысқа жеңді көйлек, барлық лауазымды адамдар үшін – көгілдір-сұр түсті мақта-матадан тігіледі, тік пішінді, жоғарғы ілгегі жағада болатын 6 қарапайым түймелі ілгегі бар. Қайырма жағалы, төс қалталарының қақпақшалары болады. Жеңінің бір түймемен түймеленетін жапсырма манжеттері бар. Жағасында жиегінен 0,7 см, төменгі жағында жиегінен 2 см қашықтықта әрлеу тігісі сырылған.

26. Галстук көк-жасыл түсті жібек матадан жасалады, сән талаптарына сай келеді. Банттан 5-6 см төмен қарай күннің және оның астында ұшып бара жатқан бүркіттің бейнесі орналасқан.

27. Фуражка нысандық костюм сияқты матадан тігіледі. Сопақша үлгідегі қатырма мен төрт қабырғадан, жасыл түсті шұға немесе барқыт көмкермеден, күнқағардан тұрады. Қатырманың шеті мен көмкерменің жоғарғы шетін бойлай жасыл түсті жиек сырылған. Фуражканың алдыңғы жақ бөлігінің ортасына белгіленген үлгідегі кокарда қадалады. Күнқағардың үстіне лакталған былғары, ал астына қара түсті күдері немесе жүн мата тартылған. Күнқағардың астында көмкермеге екі нысандық түймеге алтын түсті өрме жіп тағылады.

28. Күрте қысқы, көк-жасыл түсті плащтық матадан тігіледі, жылы, қаракөл жағасы бар (жағаның мехы бас киімнің мехына сәйкес келуге тиіс). Екі төс және екі тік бүйір сырт қалтасы бар. Бес нысандық түймемен жасырын түймеленеді. Сол жеңнің сыртқы жағында "иықтан төмен 100 миллиметр" - Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетіне тиесіліктің жең белгісі.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.04.2015 № 18-03/395 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Ерлердің маусымаралық тік пішінде плащы, көк-жасыл түсті түсті плащтық матадан тігіледі, жылы астары бар. Жеңі тігіспен сырылған. Сол жеңде – Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетіне тиесіліктің жең белгісі. Жағасы қайырмалы. Қалталары қисық, жапырақша қақпақшалы қиылмалы, тігіспен сырылған. Белінде пластмасса белдігі бар. Бүйірлерінде, жапырақшаларда, жағасында, жеңінде, плащтың төменгі жағында, белінде – шетінен 01-0,5 сантиметр қашықтықта әрлеу тігісі .

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.04.2015 № 18-03/395 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29-1. Пальто қою көк түсті жүн матадан тігіледі, екі қаусырма өңірлі, тік пішінді, үш нысанды түйме қадалған, жағасы мен жеңі қайырмалы, жеңдері қайып тігілген, екі тігісті. Орта тігіс оймакілтекпен аяқталады, өрешелерде жапырақшалы жарма бүйір қалталары бар. Астары синтепон, ішкі жағынан астарлық матамен, ал сырт жағынан саржамен көмкерілген. Пальтоның жағасында, жең ұштарында, өңірлерінде, жапырақшаларда, белде, төменгі жағында жиегінен 1 сантиметр қашықтықта әрлеу жолы сырылған, жеңдерде айырым белгілері қондырылған.

Ескерту. 29-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.04.2015 № 18-03/395 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Құлақшын қара қаракөлден тігіледі.

31. Қара түсті бөкебай.

32. Бәтіңке қара түсті, табиғи мех. Маусымдық аяқкиімнің модельдері классикалық стильдің талаптарына сай келеді.

32-1. Бәтеңке (жартылай), қара түсті, табиғи мехы бар былғары. Маусымдық аяқкиімнің модельдері классикалық стильдің талаптарына сәйкес келеді.

Ескерту. 32-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.04.2015 № 18-03/395 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33. Жазғы туфли, қара түсті табиғи былғарыдан тігіледі. Модель классикалық стильдің талаптарына сай келеді.

34. Белбеу, қара түсті былғары.

## 3. Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті мен оның аумақтық органдарының лауазымды адамдарының әйелдерге арналған салтанатты нысанды киімі

Ескерту. 3-бөлім алып тасталды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 19.02.2018 № 79 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**4. Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті мен оның аумақтық органдарының лауазымды адамдарының әйелдерге арналған күнделікті нысанды киімі**

Ескерту. 4-тараудың атауы жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.04.2015 № 18-03/395 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

52. Күнделікті костюмнің, қысқы күртенің және маусымаралық плащтың үлгілері осы үлгілерге 4-қосымшада келтірілген.

53. Әйелдердің күнделікті костюмі көк-жасыл түсті жакеттен, юбкадан және шалбардан тұрады.

54. Көк-жасыл түсті жүн немесе жартылай жүн матадан тігілген жакет, екі өңірлі, жартылай қыналған пішінді, астары бар, аздап ұзартылған, иығы төмен түсірілген және қайырма бүгілгенге дейін екі нысанды түймеге бекітілетін кең ойықты. Жағасы мен жеңдері қайырмалы, жағаның жиегінде нысанды петлицалар тігілген жасыл түсті оқа. Жеңнің ені 8 см қайырмасы бар, қайырманың жоғарғы жағында – жасыл түсті оқа. Сол жеңнің сырт жағында "иықтан 100 миллиметр төмен" Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетіне тиесіліктің жең қондырмасы болады. Манжеттер нысандық түймелерге бекітіледі.

Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.04.2015 № 18-03/395 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

55. Юбка тік пішілген, астарлы, бір түймеге түймеленетін сырып тігілген белі бар. Артқы жағы ортасынан екі қаусырмамен аяқталады, төменгі жағының орта тігісінде жырығы бар, сол жақ бүйіріне сырғытпа (молния) тігілген.

56. Шалбар тік балақты, белі сырып тігілген, түйме мен ілгекке немесе екі түймеге бекітілетін белдікті ұстап тұратын алты ілмегі бар. Шалбардың алдыңғы жағының жібек астары болады, төмен жағы манжетсіз, ені – 20-24 см. Сыртқы бүйірінің қисық жарма қалталары бар. Оң артқы жартысында қақпақшалы жарма қалта. Алдыңғы жағы "молниямен" немесе түймелермен жабылады.

57. Ұзын жеңді көйлек, барлық лауазымды адамдар үшін – көгілдір-сұр түсті мақта-матадан тігіледі, тік пішінді, жоғарғы ілгегі жағада болатын 6 қарапайым түймелі ілгегі бар.Қайырма жағалы, төс қалталарының қақпақшалары болады. Жеңінің бір түймемен түймеленетін жапсырма манжеттері бар. Жағасында жиегінен 0,7 см, төменгі жағында жиегінен 2 см қашықтықта әрлеу тігісі сырылған.

58. Қысқа жеңді көйлек, барлық лауазымды адамдар үшін – көгілдір-сұр түсті мақта-матадан тігіледі, тік пішінді, жоғарғы ілгегі жағада болатын 6 қарапайым түймелі ілгегі бар. Қайырма жағалы, төс қалталарының қақпақшалары болады. Жағасында жиегінен 0,7 см, төменгі жағында жиегінен 2 см қашықтықта әрлеу тігісі сырылған.

59. Көк-жасыл түсті жібек матадан жасалады, сән талаптарына сай келеді. Мойнақтан 5-6 см төмен қарай күннің және оның астында ұшып бара жатқан бүркіттің бейнесі орналасқан.

60. Фетрден немесе оған ұқсас материалдан жасалады, түсі қара. Дөңгелек қалпақ пен жиектен тұрады. Қалпақтың төменгі жағына ені 5-6 см жасыл түсті муар лента бекітіледі. Қалпақтың алдыңғы жағынан ортасына кокарда қадалады.

61. Көк-жасыл түсті қысқы күрте, ерлер күртесінің үлгісімен тігіледі, көк-жасыл түсті, бірақ сол жағына түймеленеді.

62. Әйелдердің көк-жасыл түсті маусымаралық плащы, ерлер плащының үлгісімен тігіледі, бірақ сол жағына түймеленеді.

63. Кубанка-құлақшын қара түсті табиғи қаракөлден тігілген.

64. Қара түсті бөкебай.

65. Етік қара түсті, табиғи мех. Маусымдық аяқкиімнің моделі классикалық стильдің талаптарына сай келеді.

66. Жазғы қара түсті туфли, табиғи былғарыдан тігілген. Модель классикалық стильдің талаптарына сай келеді.

67. Қара түсті былғары белдік.

**5. Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті мен оның аумақтық органдарының лауазымды адамдарының далалық нысанды киімі**

Ескерту. 5-тараудың атауы жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.04.2015 № 18-03/395 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

68. Жазғы далалық костюмнің, қысқы далалық костюмнің үлгілері осы үлгілерге 5-қосымшаға сәйкес келтірілген.

69. Жазғы далалық костюм теңбіл қорғаныштық түсті күрте мен шалбардан тұрады.

70. Күрте тік пішінді, кең иықты, өңірінің алты жасырын түймеге арналған орталық ілгегі бар, сырып тігілген сөрелі, қайып тігілген жеңдері, жағасы болады, төрт ілмекті және белінің сол жақ сөресінде тұзақ түрінде бір ілмегі бар. Сөрелері қақпақшалы екі жапсырма қалтасы екі темір түймемен жабылады. Жапсырма қалталар бүйірінен көлемді мөлшерде тігілген және ортасында ішінара қайып тігілген қарсы бүкпесі бар. Арқасы тұтас, ортасында ішінара қайып тігілген қарсы бүкпесі бар. Жеңдері екі тігісті, жейде сияқты пішілген, түймеге қадалатын жоғарғы үшкір ұшы бар сырып тігілген қабаттамамен аяқталады. Сол жеңнің сырт жағында "иықтан 100 миллиметр төмен" Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетіне тиесіліктің жең қондырмасы болады.

Ескерту. 70-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.04.2015 № 18-03/395 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

71. Шалбардың астары жоқ, төменгі жағы тарылған, "молниямен" жабылып, түймеленетін түзу белдікті. Алдыңғы жартысының кеспе бөшкелі қалталары және тізе тұсында қарсы бүкпесі бар және кнопкаға жабылатын қақпақшалы жапсырма қалталары болады. Шалбардың арт жағында - қыспа түймемен жабылатын қақпақшалы екі жапсырма қалтасы бар.

72. Футболка қорғаныштық түсті мақта-матадан тігіледі.

73. Водолазка қорғаныштық түсті мақта-матадан тігіледі.

74. Телпек, теңбіл түсті.

75. Қысқы далалық киім теңбіл қорғаныштық түсті жылы күләпаралы күртеден және жартылай комбинезоннан тұрады.

76. Күртенің сырылмалы астары мен алып-салмалы мех (цигейка) жағасы бар жылы мехтан (цигейка) тігіледі, тік пішінді, аралас ілгекті – жасырын қос сырғытпа түймелі ( молния) және сырып тігілген екі қатар алты түймеге арналған ілмекті, арқадан сөреге өтетін. Иіншті, бүйір тігістерінде ұшы үшкір патамен бекітілген бүйір тігістерінің тіліктері бар, ол лентаға бекітіледі, белдің тұсында бес жуан ілмек бар. Сөре тұтас, сол жақ сөренің сырып тігілген қатары, бүйір жағының екі және екі жапсырма төс қалтасы, олардың қарсы бүкпесі және бір бүйір жағының қақпақшалы көлемді қалтасы, оның паттағы түймеге бекітілетін ұшы үшкір паты болады. Жеңі – көйлектікі сияқты, үш тігісті, сырып тігілген дөңгелек манжеті бар, "лентаға" ілінеді.

Сол жеңнің сырт жағында "иықтан 100 миллиметр төмен" Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетіне тиесіліктің жең қондырмасы болады.

Ескерту. 76-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.04.2015 № 18-03/395 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

77. Жартылай комбинезон ысырмалы жылы астарлы, биік арқалы сырып тігілген кең белдігі және биіктігін реттеп отыратын бретельдері; бес жуан ілмекті, белдің бүйірінде ілгек-белдікшесі бар. Жартылай комбинезон үш қыспа түймемен және " молниямен" жабылады, бүйір тігісі тілікті, "молниямен" және пішінді патта орналасқан лентамен жабылады.

77-1. Жилет су жұқпайтын қасиеті бар теңбіл түсті қою көк матадан тігілген. Жеңсіз , синтепон астары, молния ілмегі бар. Екі жапсырма төс қалтасы және екі жапсырма жұп қалтасы, төс қалталардың астында молния және жабысқақ ілмек болады.

Ескерту. 77-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.04.2015 № 18-03/395 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

78. Свитер қорғаныштық түсті жүн мата.

79. Құлақшын табиғи мехтан тігіледі.

79-1. Қысқы бет-перде қара немесе қою көк түсті жартылай жүн жіптен тоқылады.

Ескерту. 79-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.04.2015 № 18-03/395 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

80. Бәтеңке, сырты табиғи құрым былғары. Астары: табиғи астарлық былғары. Өкшені бекіту әдісі: желімдеп-тігу. Тұмсығы мен өкшенің үсті: жылу қорғағыш материалмен көмкерілген. Бәтеңкенің биіктігі: 23-27 см. Тұтас биік өкше.

81. Қысқы етік, биік тізесі берік, аязға төзімді синтетикалық материалдардан жасалған, галошы аязға шыдамды резинадан. Етіктің өкшесі қысыммен құйылған, көп қабатты. Жоғарғы жағынан тізе қардан қорғайтын қоса киілген гетралармен жабдықталған, аяқтың көлеміне қарай реттеледі (баумен қысылады). Етікті аяққа лайықтап кию ілмектегі екі белдікшелі жүйемен жүзеге асырылады. Топтамада 7 қабатты жылытқыш өндірме бар.

81-1. Резина, су кешетін (балықшының) етік.

Ескерту. 81-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.04.2015 № 18-03/395 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**6. Балық шаруашылығы комитеті мен оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдарының ерлерге арналған салтанатты нысанды киімі**

Ескерту. 6-тарау алып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.04.2015 № 18-03/395 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**6-тарау. Балық шаруашылығы комитеті мен оның облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекцияларының лауазымды адамдарының ерлерге арналған салтанатты нысанды киімі**

Ескерту. Үлгілер 6-тараумен толықтырылды - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 16.06.2021 № 200 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

82. Салтанатты костюмнің, қысқы пальтоның үлгілері осы үлгілерге 6-қосымшада келтірілген.

83. Ерлердің салтанатты костюмі пиджак пен шалбардан тұрады, аға инспекторлық құрам үшін құрамында кемінде 70% жүн бар қара түсті матадан тігіледі.

84. Пиджак екі қаусырма өңірлі, жартылай қыналған пішінде, астарлы, төрт нысандық түймеге және үш сәндік түймеге арналған өңірлік ілмегі бар. Жағасы мен жең ұштары қайырмалы, сол жақ жеңде бөлек шығарылған ілмегі бар, жеңдер ені 8 см қайырмасы бар оймакілтекті, төрт нысанды түйме қадалған.

Қайырманың жоғарғы жағында – ашық көгілдір немесе көгілдір түсті оқа. Бүйірлері сырып тігілген және көлденең орналасқан қақпақшалы бүйір жарма қалталары бар.

Астары полиэфир (100 %) матадан тігілген, ішкі қалталары жапырақшалы. Пиджакта тігілмелі айырым жең белгілері тағылады.

85. Шалбарының балағы тік, белі сырылған, алты белдік ұстағыш орналасқан, түймеленеді және ілмегі немесе екі түймесі бар. Шалбардың алдыңғы жартысының полиэфир (100 %) матадан астары бар. Сыртқы бүйір қалталар қисық тілікті. Артында оң жағында қақпақшалы тілік қалтасы бар. Алды "молниямен" жабылады.

86. Кіші иснпекторлық құрамға арналған ерлердің костюмі (пиджак пен шалбар) қою көк түсті құрамында кемінде 70% жүн бар матадан тігіледі.

87. Пиджак бір қаусырма өңірлі, жартылай қыналған пішінде, 4 түймелі, жағасы мен жеңі қайырмалы. Жеңдері қайып тігілген екі тігісті, оймакілтектерінде үш түймесі бар. Арқасының орта тігісі оймакілтекпен аяқталады, сөрешелер сырылған және белі қайып тігілген. Көлденең орналасқан қақпақшалы бүйір жарма қалталары бар. Ішкі қалталары жапырақшалы. Пиджакта тігілмелі айырым жең белгілері тағылады.

88. Шалбарының балағы тік, белі сырылған, алты белдік ұстағыш орналасқан, түймеленеді және ілмегі немесе екі түймесі бар. Шалбардың алдыңғы жартысының полиэфир (100 %) матадан астары бар. Сыртқы бүйір қалталар қисық тілікті. Артында оң жағында қақпақшалы тілік қалтасы бар. Алды "молниямен" жабылады.

89. Барлық лауазымды адамдар үшін жейде ақ түсті аралас матадан тігіледі, тік пішінді, 6 қарапайым түйме қадалған, жоғарғы түйме жағаға түймеленеді. Қайырма жағалы, тік өңірлі. Арқасы тілінген екі иіншті. Жейденің жеңі қайып тігілген бір тігісті , манжеті бар, бір түймемен түймеленеді. Жағасына жиегінен 0,7 см, төменгі жағында жиегінен 2 см қашықтықта әрлеу тігісі сырылған. Нысанды пиджакпен (күртемен) киіледі.

90. Галстук қара түсті жібек матадан жасалады, сән талаптарына сай келеді. Мойнақтан 5-6 см төмен қарай күннің және астында ұшып бара жатқан бүркіттің бейнесі орналасқан, алтын түсті жіптермен кестеленген.

91. Фуражка нысанды костюм түсіне сәйкес келетін матадан тігіледі, үш оқалы қатырмасына қара муар лента бекітілген:

- түбін ширекшелермен қосатын тігіске бір қайып;
- ширекшелерді күнқағармен қосатын қатырмамен қосатын тігіске екінші қайып;
- негізгі материалдан үшінші қайып (жалған) оқа фуражканың қатырмасына киілген репс жібек лентаны ұстап тұру үшін қатырманың төменгі жағымен өтеді. Фуражканың алдыңғы жағы көтеріңкі. Күнқағардың үстіне ортасынан қатырмаға белгіленген эмблема бекітіледі. Жаз кезінде фуражкаға ақ түсті алмалы-салмалы тыс киіледі, ол қайып тігумен қосылған түпшеден, 4 қабырғадан, оқадан тұрады.

Кіші иснпекторлық құрам фуражкасының күнқағары – қара лак жағылған, әшекейсіз, иекті ұстап тұратын лак жағылған қара белдікшесі бар, қатырмаға екі кішкентай нысанды түйме қадалған.

Аға испекторлық құрам жиегі лавр жапырақтарымен зерленген күнқағары былғары фуражка киеді. Иекті ұстап тұратын лак жағылған қара белдікшенің орнына фуражканың қатырмасында алтын түсті тунцаль жібі бекітілген. Фуражка астарлы.

92. Пальто қара түсті драптан тігіледі, жылы астары бар және қой терісінен тігілген (түсі) жағасы бар екі қаусырма өңірлі, тік пішінді, еркін нысанды, жеңдері қайып тігілген. Жағасы қайырмалы. Пальто лацканның бүгілген жеріне дейін алты нысандық түймемен жасырын түймеленеді. Өрешелерде жапырақшалы жарма бүйір қалталары бар. Артқы жағы ортасында тігіспен, төменгі жағы оймакілтекпен аяқталады. Оймакілтектің жоғарғы жағы шетінен 1,5 сантиметр, төменгі жағы шетінен 0,7 сантиметр қашықтықта әрлеу тігісі. Оймакілтек ұзындығы – 25/20 см. Жоғарғы жағында слот 45 градус бұрышта көлденең машина тігісімен бекітілген. Пальтоның ішкі жағында, астарында астары матадан тігілген, рамкалы қалталар өңделген. Пальтоның жылытқышы бар ма. Жылытқыш ілгек пальтоға борттағы және мойнындағы сыдырма ілгекке бекітіледі. Бекіткіш қайып тігілген астардан жасалған ( 200 г синтепон тығыздықта), параллель ромб тәрізді тігістермен қапталған, олардың арасындағы қашықтық 4,5-5 сантиметр, жылытқыш астардың ұзындығы пальтодың жоғарғы жағынан 4 сантиметрге қысқа. Қой терісінен тігілген жағасы негізгі жағаға сыдырма ілмекпен бекітіледі.

93. Қара қаракөлден тігілген ерлер құлақшынының күнқағары бар, аға инспекторлық құрам үшін - қара қаракөлден, кіші инспекторлық құрам үшін – қара түсті цигейкадан тігіледі. Құлақшынның немесе кубанканың алдыңғы жағына орта тұсына кокарда бекітіледі.

94. Қара түсті бөкебай, аға құрам үшін ақ түсті бөкебай көзделеді.

95. Қолғап, былғары, қара.

96. Етік, қара түсті, табиғи мехы бар былғары. Маусымдық аяққиімнің модельдері классикалық стильдің талаптарына сәйкес келеді.

97. Жазғы туфли, қара түсті, табиғи былғары. Модель классикалық стильдің талаптарына сәйкес келеді, баусыз.

98. Белдік, қара түсті былғары.

**7. Балық шаруашылығы комитеті мен оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдарының ерлерге арналған күнделікті нысанды киімі**

Ескерту. 7-тарау алып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.04.2015 № 18-03/395 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**7-тарау. Балық шаруашылығы комитеті мен оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдарының ерлерге арналған күнделікті нысанды киімі**

Ескерту. Үлгілер 7-тараумен толықтырылды - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 16.06.2021 № 200 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

99. Күнделікті костюмнің, қысқы пальтоның үлгілері осы үлгілерге 7-қосымшада келтірілген.

100. Ерлердің күнделікті костюмі пиджак пен шалбардан тұрады, қою көк түсті құрамында кемінде 70% жүн бар матадан тігіледі.

101. Күрте бір қаусырма өңірлі, жағасы тік, жоғарғы жағына дейін түймеленеді. Өрешелерде қақпақшалы жапсырма төс қалталары бар. Арқасы иіншті. Жеңдері бір тігісті, тілікті манжеттері сырылған. Қалталарының қақпақшалары, манжеттер және белі нысанды түймелермен жабылады. Иық тігістерінде айырым белгілерін бекітуге арналған екіден ұстағыштар орналасқан. Сол жеңде – Балық шаруашылығы комитетінің мемлекеттік инспекторына тиесіліктің қондырмасы.

102. Ерлер шалбарының балағы тік, белі сырылған, алты белдік ұстағыш орналасқан, түймеленеді және ілмегі немесе екі түймесі бар. Шалбардың алдыңғы жартысының полиэфир (100 %) астары бар, балағы манжетсіз, төменгі жағының ені 20-24 см. Сыртқы бүйір қалталар қисық тілікті. Артында оң жағында қақпақшалы тілік қалтасы бар. Шалбардың бүйір тігістерінде ашық көк түсті оқа тартылған. Алды " молниямен" жабылады.

103. Барлық лауазымды адамдар үшін жейде ақ түсті ақ түсті аралас матадан тігіледі, тік пішінді, 6 қарапайым түйме қадалған, жоғарғы түйме жағаға түймеленеді. Қайырма жағалы, тік өңірлі. Арқасы тілінген екі иіншті. Жейденің жеңі қайып тігілген бір тігісті, манжеті бар, бір түймемен түймеленеді. Жағасына жиегінен 0,7 см, төменгі жағында жиегінен 2 см қашықтықта әрлеу тігісі сырылған.

104. Барлық лауазымды адамдар үшін қысқа жеңді жейде көк түсті ақ түсті аралас матадан тігіледі, тік пішінді, 6 қарапайым түйме қадалған, жоғарғы түйме жағаға түймеленеді. Қайырма жағалы, тік өңірлі. Арқасы тілінген екі иіншті. Жейденің жеңі қайып тігілген бір тігісті, манжеті бар, бір түймемен түймеленеді. Жағасына жиегінен 0,7 см, төменгі жағында жиегінен 2 см қашықтықта әрлеу тігісі сырылған.

105.Галстук қою көк түсті жібек матадан жасалады, сән талаптарына сай келеді. Мойнақтан 5-6 см төмен қарай күннің және астында ұшып бара жатқан бүркіттің бейнесі орналасқан, алтын түсті жіптермен кестеленген.

106. Фуражка нысанды костюм түсіне сәйкес келетін матадан тігіледі, үш оқалы қатырмасына қара муар лента бекітілген:

- түбін ширекшелермен қосатын тігіске бір қайып;
- ширекшелерді күнқағармен қосатын қатырмамен қосатын тігіске екінші қайып;
- негізгі материалдан үшінші қайып (жалған) оқа фуражканың қатырмасына киілген репс жібек лентаны ұстап тұру үшін қатырманың төменгі жағымен өтеді. Фуражканың алдыңғы жағы көтеріңкі. Күнқағардың үстіне ортасынан қатырмаға белгіленген

эмблема бекітіледі. Жаз кезінде фуражкаға ақ түсті алмалы-салмалы тыс киіледі, ол қайып тігумен қосылған түпшеден, 4 қабырғадан, оқадан тұрады.

Кіші инспекторлық құрам фуражкасының күнқағары – қара лак жағылған, әшекейсіз, иекті ұстап тұратын лак жағылған қара белдікшесі бар, қатырмаға екі кішкентай нысанды түйме қадалған.

Аға иснпекторлық құрам жиегі лавр жапырақтарымен зерленген күнқағары былғары фуражка киеді. Иекті ұстап тұратын лак жағылған қара белдікшенің орнына фуражканың қатырмасында алтын түсті тунцаль жібі бекітілген.

107. Синтепоннан жасалған, ортасында сыдырма ілгегі бар бір қаусырмалы (жабық желден қорғау клапанымен) қою көк түсті плащтық матадан (су өткізбейтін қасиеттері бар) жылы күрте. Жасанды теріден қайырмалы, сыдырмалы алмалы-салмалы жаға. 5 батырмаға бекітілетін капюшонмен (оқшауланған капюшон). Өрешелерде сыдырмасы бар, артқы жағында ортасынан тігісі бар бүйір қалталары бар.

108. Пальто қою көк түсті 70 % кем емес жүн матадан тігіледі, екі қаусырма өңірлі, тік пішінді, үш нысанды түйме қадалған, жағасы мен жеңі қайырмалы, жеңдері қайып тігілген, екі тігісті. Орта тігіс оймакілтекпен аяқталады, өрешелерде жапырақшалы жарма бүйір қалталары бар. Астары синтепон, ішкі жағынан астарлық матамен, ал сырт жағынан саржамен көмкерілген. Пальтоның жағасында, жең ұштарында, өңірлерінде, жапырақшаларда, белде, төменгі жағында жиегінен 1 см қашықтықта әрлеу жолы сырылған, жеңдерде Балық шаруашылығы комитетінің мемлекеттік инспекторына тиесілі айырым белгілері қондырылған.

109. Көк немесе қою көк түсті. Ерлер құлақшынының күнқағары бар, аға иснпекторлық құрам үшін - қара қаракөлден, кіші инспекторлық құрам үшін – қою көк түсті цигейкадан тігіледі. Құлақшынның немесе кубанканың алдыңғы жағына орта тұсына кокарда бекітіледі.

110. Бәтеңке, қара түсті, табиғи цигейка мехы бар былғары. Маусымдық аяқкиімнің модельдері классикалық стильдің талаптарына сәйкес келеді.

111. Жазғы туфли, қара түсті, табиғи былғары. Модель классикалық стильдің талаптарына сәйкес келеді, баусыз.

112. Белдік, қара түсті былғары.

## 8. Балық шаруашылығы комитеті мен оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдарының әйелдерге арналған салтанатты нысанды киімі

Ескерту. 8-тарау алып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.04.2015 № 18-03/395 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**8-тарау. Балық шаруашылығы комитеті мен оның облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекцияларының лауазымды адамдарының әйелдерге арналған салтанатты нысанды киімі**

Ескерту. Үлгілер 8-тараумен толықтырылды - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 16.06.2021 № 200 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

113. Салтанатты костюмнің, қысқы пальтоның үлгілері осы үлгілерге 8-қосымшада келтірілген.

114. Әйелдердің салтанатты костюмі екі қаусырма өңірлі китель мен юбкадан тұрады, қара түсті құрамында кемінде 70% жүн бар матадан тігіледі.

115. Екі қаусырма өңірлі китель, жартылай қыналған пішінде астары бар, аздап ұзартылған, иықтары түсіңкі және кең ойықты, қайырманың бүгілісіне дейін екі нысанды түймеге бекітіледі. Жағасы мен жең ұшы қайырылады. Жеңдері қайып тігілген, екі тігісті, шынтақ тігісінде екі нысанды түйме қадалған оймакілтегі бар. Арқасының жармамен аяқталатын орта тұстағы тігісі болады, өрешесінің омыраулық қыштаулы тігісі, сырылған бөшкесі, бүйірінде қалпақшалы көлденең жарма қалталары бар. Сол жақ өрешеде жапырақшалы тілік төс қалта. Жакетте иыққа тігілетін Балық шаруашылығы комитетінің мемлекеттік инспекторына тиесілі айырым белгілер тағылады.

116. Юбка тік пішілген, астарлы, белі сырылған, бір түймемен түймеленеді. Артқы жартысы орта тұсы екі қыштаулы тігісті оймматілікпен аяқталады, сол жақ бүйірінде " молния" ілгегі бар.

117. Ақ түсті жібек матадан тігілген, ұзын жеңді, жағасы қайырмалы, қималы тік болып келеді, қақпақшалы жапсырма төс қалталары бар, белі тұтас пішілген, бүйір тігістері тұсында жұмсақ тоқыма бау. Алды төменге дейін қиылып, сырылған. Арқасы иіншті. Жеңдерінің қиығы және сырылған манжеттері бар. Блузканың алды, қақпақшалары, манжеттері түймеленеді.

118. Ақ түсті жібек матадан тігілген, тік пішінді, қысқа жеңді. Өңірі планкалы, 6 нысанды түймесі бар. Өрешесі қималы, жағасы қайырмалы, қималы тік болып келеді. Арқасы қима иіншті және қарсы бүкпесі бар. Қақпақшалы жапсырма қалталары болады. Жеңнің сырғымалы тігістері сырылған.

119. Галстук қара түсті жібек матадан жасалады, моделі сән талаптарына сай келеді. Мойнақтан 5-6 см төмен қарай күннің және оның астында ұшып бара жатқан бүркіттің бейнесі орналасқан, алтын түстес жіптен тігілген.

120. Телпек жұмсақ қара түсті жүн матадан және ашық сұр түсті мақта-матадан тігіледі. Телпектің оқасы жоқ, диаметрі 24-26 см түбі бүйірлерінде 1-1,5 см құрайтын тігілген екі жартысы бар. Телпектің іш жағы астарлы, ал мойын жағында ұзындығы 1,5 см белдікше бар. Телпектің иекке тағатын қара лак жалатқан белдікшесі болады, екі

кішкентай нысанды түймесі бар. Көлденең күйінде белдікшені қара түсті екі металл ілмек ұстап тұрады. Жасырын тігілген.

121. Қысқы пальто қара түсті плащтық материалдан тігіледі, табиғи мехтан жылы астары бар, жағасы қара цигейкадан алынған табиғи мех, қайырмалы. Тік пішінді жартылай пальто. Өрешелерінде ұшпа иіништері бар. Өңірінің қайырмасына дейін алты нысанды түймеге түймеленеді. Қалталарының жапсырма жапырақшалары бар. Арқасының ортасынан тігіс сырылған. Жеңі қайып тігілген. Сол жеңде – Балық шаруашылығы комитетінің мемлекеттік инспекторына тиесілі жең белгісі. Ілмегі жасырын. Жапырақшаларда, иіништерде, жағада, өңірде, төменгі жағында, жеңдерінде жиегінен 0,1-0,5 см қашықтықта әрлеу жолы сырылған. Иықта айырым белгілерін тағуға арналған погон-белдікшелер.

122. Құлақшын-кубанка аға исңпекторлық құрам үшін - қара қаракөлден, кіші инспекторлық құрам үшін – қара түсті цигейкадан тігіледі. Құлақшынның немесе кубанканың алдыңғы жағына орта тұсына кокарда бекітіледі.

123. Бөкебай қара түсті.

124. Қолғап, табиғи былғары, қара түсті.

125. Етік, қара түсті, табиғи мех. Маусымдық аяқкиімнің модельдері классикалық стильдің талаптарына сәйкес келеді.

126. Туфли, қара түсті, табиғи мех. Модель классикалық стильдің талаптарына сәйкес келеді.

**8. Балық шаруашылығы комитеті мен оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдарының әйелдерге арналған күнделікті нысанды киімі**

Ескерту. 8-тарау алып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.04.2015 № 18-03/395 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**9. Балық шаруашылығы комитеті мен оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдарының далалық нысанды киімі**

Ескерту. 9-тарау алып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.04.2015 № 18-03/395 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**9-тарау. Балық шаруашылығы комитеті мен оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдарының әйелдерге арналған күнделікті нысанды киімі**

Ескерту. Үлгілер 9-тараумен толықтырылды - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 16.06.2021 № 200 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

127. Күнделікті әйелдер костюмінің, қысқы пальтосының үлгілері осы үлгілерге 9-қосымшада келтірілген.

128. Әйелдердің күнделікті костюмі жакет пен юбкадан және шалбар тұрады, қою көк түсті жүн матадан тігіледі.

129. Екі қаусырма өңірлі китель, жартылай қыналған пішінде астары бар, аздап ұзартылған, иықтары түсіңкі және кең ойықты, қайырманың бүгілісіне дейін екі нысанды түймеге бекітіледі. Жағасы мен жең ұшы қайырылады. Жеңдері қайып тігілген, екі тігісті, шынтақ тігісінде екі нысанды түйме қадалған оймакілтегі бар. Сол жеңде – Балық шаруашылығы комитетінің мемлекеттік инспекторына тиесілі жең белгісі. Арқасының жармамен аяқталатын орта тұстағы тігісі болады, өрешесінің омыраулық қыштаулы тігісі, сырылған бөшкесі, бүйірінде қалпақшалы көлденең жарма қалталары бар. Сол жақ өрешеде жапырақшалы тілік төс қалта. Жакетте иыққа тігілетін айырым белгілер тағылады.

130. Юбка тік пішілген, астарлы, белі сырылған, бір түймемен түймеленеді. Артқы жартысы орта тұсы екі қыштаулы тігісті ойматілікпен аяқталады, сол жақ бүйірінде " молния" ілгегі бар.

131. Шалбар қою көк түсті жібек матадан тігілген, балағы тік, белі сырылған, бір түймеге түймеленеді. Шалбардың алдыңғы жартысында екі жұмсақ бүкпе бар. Артқы жағының бүйірлері бір рет сырылған. Сол жақтағы бүйір тігісте "молния" ілгек.

132. Ұзын жеңді блузка, ақ түсті жібек матадан тігілген, ұзын жеңді, жағасы қайырмалы, қималы тік болып келеді, қақпақшалы жапсырма төс қалталары бар, белі тұтас пішілген, бүйір тігістері тұсында жұмсақ тоқыма бау. Алды төменге дейін қиылып, сырылған. Арқасы иіншті. Жеңдерінің қиығы және сырылған манжеттері бар. Блузканың алды, қақпақшалары, манжеттері түймеленеді.

133. Қысқа жеңді блузка ақ түсті жібек матадан тігілген, тік пішінді, қысқа жеңді. Өңірі планкалы, 6 нысанды түймесі бар. Өрешесі қималы, жағасы қайырмалы, қималы тік болып келеді. Арқасы қима иіншті және қарсы бүкпесі бар. Қақпақшалы жапсырма қалталары болады. Жеңнің сырғымалы тігістері сырылған.

134. Галстук қара түсті жібек матадан жасалады, моделі сән талаптарына сай келеді. Мойнақтан 5-6 см төмен қарай күннің және оның астында ұшып бара жатқан бүркіттің бейнесі орналасқан, алтын түсті жіппен кестеленген.

135. Телпек жұмсақ қара түсті жүн матадан және ашық сұр түсті мақта-матадан тігіледі. Телпектің оқасы жоқ, диаметрі 24-26 см түбі бүйірлерінде 1-1,5 см құрайтын тігілген екі жартысы бар. Телпектің іш жағы астарлы, ал мойын жағында ұзындығы 1,5 см белдікше бар. Телпектің иекке тағатын қара лак жалатқан белдікшесі болады, екі кішкентай нысанды түймесі бар. Көлденең күйінде белдікшені қара түсті екі металл ілмек ұстап тұрады. Жасырын тігілген.

136. Қою көк түсті жүн матадан тігілген күнделікті әйелдер күртесі, бір өңірлі, " молния" ілмегі бар, жағасы қайырмалы, бүйір тігістері тұсында жұмсақ тоқыма бау,

төменге дейін астары бар. Өрешелері иіншті және тік рельефті және көлбеу орналасқан жапырақшалы екі бүйір қалтасы болады. Арқасы иінішті. Жеңдері бір тігісті және қиықты сырылған манжеттері бар. Сол жеңде – Балық шаруашылығы комитетінің мемлекеттік инспекторына тиесілі жең белгісі. Манжеттер нысанды түймемен жабылады. Иықта Балық шаруашылығы комитетінің мемлекеттік инспекторына тиесілі айырым белгілерін тағуға арналған сәнді погон-белдікшелер.

137. Қою көк түсті плащтық матадан тігілген әйелдер плащы, тік қыналған, белінде белдігі бар. Өрешелерінде жапырақшалы жапсырма тілік қалталар болады, түймеленетін ұшпа иінішті. Арқасының орта тігісі бар және бүкпелі. Жеңі сырылған. Сол жеңде – Балық шаруашылығы комитетінің мемлекеттік инспекторына тиесілі жең белгісі. Бөксеге дейін жылы астары бар. Жасырын ілмекті. Өрешелерінде, иініште, жапырақшаларда, жағада жиегінен 0,1-0,6 см қашықтықта әрлеу жолы сырылған. Иықта Балық шаруашылығы комитетінің мемлекеттік инспекторына тиесілі айырым белгілерін тағуға арналған сәнді погон-белдікшелер.

138. Құлақшын-кубанка аға иснпекторлық құрам үшін - қара қаракөлден, кіші иснпекторлық құрам үшін – қою көк түсті цигейкадан тігіледі. Құлақшынның немесе кубанканың алдыңғы жағына орта тұсына кокарда бекітіледі.

